**1-тапсырма. Ақпараттың дұрыс-бұрысын анықтаңыз.**

| Ақпарат | + | - |
|---|---|---|
| Дуан төңірегінде Алаш әскері жүр | | |
| Отряд мықты армияны талқылады | | |
| Кейкінің көзін жоюға аттанатын Сұлтан | | |
| Кейкінің жасырынған жерін білемін | | |
| Кешке Кейкіге жетемін | | |
| Мені киімім арқылы таниды | | |

**2-тапсырма. Оқиғаның немен аяқталатыны туралы болжап, берілген нұсқалар бойынша ойыңызды жалғастырыңыз.**

*Кейкі қаза болады, себебі* ...................................................................

*Кейкі тірі қалып,* .........................................................................

**3-тыңдалым.**

**1-тапсырма. «Айтылған сөз – атылған оқ» тақырыбында әңгімелесіңіз.**

**2-тапсырма. Мәтін авторларына қарсы пікір білдіріңіз.**

- Мидай дала. Адамның ішін пыстырып жібереді екен.

- Оныңыз рас. Жыра-жылғалары мен өзендері болмаса, тақыр дала. Мен өзімнің туған өлкемді жұмаққа балар едім.

# ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

## «ҚҰНАНБАЙ» ФИЛЬМІ

### 1-жағдаят

Ал, қарақтарым, ардақты жеңешелерім. Бір жыл бойы жоқтадыңдар, әруақ риза, бәріңе алғыс. Енді қайғыдан арылып, көздің жасын құрғатыңдар. Еңселеріңді көтеріңдер!

*Құнанбайдың бұл сөзінен қазақтың қандай дәстүрін аңғаруға болады. Айтып беріңіз.*

### 2-жағдаят

Фильмде Құнанбайды айналасындағылар мерген деп атаса керек-ті. Бір көзінің мүкісі бар адамнан мергендік қайдан шықсын деп реніш білдірген кезде қандай жауап алады?

*Мерген аталуының себебін түсіндіріп беріңіз.*

### 3-жағдаят

Шеше, мен бұл екі адамға барынша тілектес болдым. Бірақ барлығы да араз болып шықты. Жалпақ жұртқа аян болып отыр. Бұл елді қалай билемек керек, аталарымның барлығы би болған. Міне, өзім де тізгін ұстап отырмын. Бірақ осы қазақтың жұмбағын шеше алатын емеспін. Сәждеге басы тимеген асау едім. ... Буыннан алған дерт ақыры соңында қолға, жүрекке қиянат болып жетті. Бос ұстасаң қолыңды кеседі, бетімен кетеді, күшке салсаң басыңды жұтып тынасың. Не жөн сөзге, не тізеге көнбейтін бұл елге енді тәңірінің тезі керек сияқты.

*Бұл қазақ тізгін ұстағанға қарап салтын түзейтін ел.... Ойды жалғастырыңыз.*

### 4-жағдаят

**Құнанбай:** Елдің береке-бірлігін ойламай ылаң мен қанды жақтадың, айыбың сол. Өз кегім емес, қазақтың кегі. Жаулассаң жаулығыңа, елдессең елдігіңе тұрамын.

*Барақ сұлтанның атынан жауап беріңіз.*

### 5-жағдаят

... Менің айтқанымның барлығын жеткіз. Бір сөзімді жұмсартушы болма. Маған жаның ашымай-ақ қойсын. Көп болса бір қазаққа итжекеннен топырақ бұйырар. Кешегі Абылай өлгенде де қазақтың шаңырағы ортасына түскен жоқ.

*Кейіпкердің өжеттігіне баға бере отырып, ойыңызды дәлелдеңіз.*

## «АХМЕТ. ҰЛТ ҰСТАЗЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

**1-жағдаят**

Жақантай жібер, күйелі ағаш қой ол.

*«Күйелі ағаш» тіркесінің мағынасын түсіндіріңіз.*

**2-жағдаят**

**Ахмет:** Мына жердің тамағы ішіме жақпай жүр ме, асқазанымды ауыртады.

**Бадрисафа (Сафа):** Үйреншікті тамақ болмаған соң шығар.

**Ахмет:** Анауың не?

**Бадрисафа:** Кітап қой. Нұрила беріп жіберген. Әкелмейін деп едім, аманатқа қиянат жасамайын.

**Ахмет:** Әкелгенің жақсы болды.

**Бадрисафа:** Сіз тапсырып па едіңіз?

**Ахмет:** Менің «Мәдениет тарихын» жазып жүргенімді біледі ғой.

*Бадрисафаның аманат туралы әңгімесінен не түсіндіңіз. Болжамыңызды ұсыныңыз.*

**3-жағдаят**

Әлгі соғыста жарғанат қана аңға да құсқа да қосылмай, қай жеңгеніне қарай шығамын деп айқастың ақырын күтіпті. Басында құстар жеңе бастайды. Жарғанат құстарға қосылып, бірге ұшып, бірге қонып, «ойбай, құс едім» деп жар салады. Біраз уақыттан кейін, аңдар басым түсе бастайды. Жарғанат оларға кеп тісін көрсетіп, тырнағын көрсетіп «мен аңмын, аң боп туғанмын, аң боп өлемін, аңды жақсы көремін» деп сол жағына шығады. Сонымен не керек құстар жеңіп шығады. Басы салбырап байғұс жарғанат құстарға келеді. Құстар оны иттей қып қуып шығады. Қайтып аңдарға барса, аңдар жолатпайды. Қарабет боп тау-тасты, ұңғыл-шұңғылды кезіп кеткен екен. Міне, содан бері жарғанат жартастың қуысында өрмелеп, түнде ғана ұшатын болыпты.

*Мысалдан адамның бойында кезедесетін қандай жағымсыз қасиеттерді байқадыңыз.*

**4-жағдаят**

... Қымбатты достар! А.Байтұрсынұлы туралы сөйлесек, ол кісінің музыкалық қабілеті мен биік талғамын айтпауға болмайды. Өзі керемет <u>әнші</u>, ол <u>домбырада</u>, <u>пианинода</u>, керек десеңіз, <u>скрипкада</u> ойнайды. Ол халық <u>музыкасының терең білгірі</u>, жоқтаушысы. Қазақ зиялыларының ішінде маған ең көпән жеткізген тұлға. Бақандай 36 шығарманы мен өз аузынан жазып алдым.

*Асты сызылған сөздерге қосымша кейіпкердің бойындағы басқа да қабілеттерін тізіп айтыңыз.*

1. ..........................................
2. ..........................................
3. ..........................................
4. ..........................................
5. ..........................................
6. .......................................... т.б.

**5-жағдаят**

Мен қарапайым халық мұғалімімін. Оқыған оқуым да көп емес, аз. Сол аз білімді қайткенде ел мүддесіне жұмсаймын деп ой кешкен адаммын...

*А.Байтұрсынұлының атынан ойды жалғастырыңыз.*

**6-жағдаят**

**Тергеуші:** Жасыратыны жоқ, әуелінде пәле іздеп оқығаным рас. Бірақ кейін ... . Өміріңіз айдалу, қуғындау, абақты. Енді маған айтыңызшы осының бәрін қалай, қай кезде, қашан жазып үлгердіңіз?

**А.Байтұрсынұлы:** *жоғарыда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.*

**7-жағдаят**

... Адам өмірі сондай, қысқа ғана. Бірақ елің үшін қылған еңбегің, ту етіп көтерген тура идеяң жалғаса бермек. Ол жалғаса берсе – адамның да өлмегені. Міне, мазмұн. Сендер өлердей қорқатын Алаш идеясы осы ғана.

*Мәтін мазмұнына сәйкес мақал-мәтел, нақыл сөз тауып жазыңыз.*

..............................................................................................................
..............................................................................................................
..............................................................................................................
..............................................................................................................
..............................................................................................................

**8-жағдаят**

Өлген жоқ олар. Бойындағы күллі күш-қуатын, барлық мүмкіндігін езгіге түскен елі үшін сарқа жұмсаған саңлақ ерлер! Қара жердің бетінде қазақ барда – сендер барсыңдар. Ендігі ұрпақ сендердің басып өткен іздеріңнің топырағына көзін сүртер, көңіл толқытар, әлі талай жыр етер, қуат алар. Біздің бұл телехикаямыз да сондайлық сүйеніш сөздердің бір парасы еді. Күрделі уақыт тудырған күрескер перзенттер. Өздерің жан салып қорғаған қасиетті мекендеріңде бедер-белгісі де жоқ бейіттеріңе әр қазақтың жүрегінен себілген бір-бір уыс топырағы болсын дедік.

*Алаш қайраткерлерін ұлықтау мен ел игілігі жолындағы еңбектерін насихаттау үшін Сіз қандай қадамдар жасар едіңіз?*

1. .......................................................................
2. .......................................................................
3. .......................................................................
4. ....................................................................... т.б.

## «МІРЖАҚЫП. ОЯН ҚАЗАҚ!» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

**1-жағдаят**

Оқығандар қазақтың тұрмысынан, өмірінен ажырамау керек. Әйтпесе күлкіге қалады немесе һәм жетесіздік болады.

*Берілген ойға сәйкес келетін қандай ғибратты сөз білесіз.*

**2-жағдаят**

...Тағы бір жиі көтеретін тақырыбы телефон, телеграф, автомобиль, темір жол, авиация, электр энергиясы, телескоп сияқты ғылымның соңғы жетістіктерімен таныстыра отырып, халықты білімге үндеу.

*Асты сызылған сөздер арқау болған Ы.Алтынсариннің қандай өлеңін білесіз?*

**3-жағдаят**

Әкеміздің көзі кетті деп сөзін жерге тастаймыз ба? Сөз байласқан елдің бәрі біледі, жұрт не дейді ертең?

*Сөз байласу салтының маңызы туралы айтып беріңіз.*

**4-жағдаят**

Абылайдың ақ туын алып азаттыққа бел шешіп отырмыз. Аты – Абылай болсын. Абылайдай күллі Алаштың басын қосар ұл болсын!

*Жақсы адамдардың атын ырымдап қою дегенге сенесіз бе?*

**5-жағдаят**

Тауда бұқа сүзіссе, ойда өгіздің мүйізі сырқырайды.

*Мысал келтіре отырып, мағынасын түсіндіріңіз.*

**6-жағдаят**

Уа, Алаштың ел қорғайтын ерлері!

*Ойды жалғастырыңыз.*

..........................................................................................................................
..........................................................................................................................
..........................................................................................................................

..........................................................................................................................
..........................................................................................................................
.........................................................................................................................

## «МАҒЖАН. МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

**1-жағдаят**

Фильм мазмұны бойынша «бай» сөзінің мағынасын көрсетіңіз.

*А) Алаштың арманымен өмір сүретін тұлға болу*

*В) Өз байлығы үшін арын саудалайтындар*

**2-жағдаят**

Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады.

*Берілген сөйлемге сәйкес мақал-мәтелдерді тауып жазыңыз.*

1..............................................................................................................

2..............................................................................................................

3..............................................................................................................

4..............................................................................................................

**3-жағдаят**

Едіге – өте қауіпті адам. Жабайы десе жабайы. Бірақ оның жігіттері ат үстінде соғысуды біледі. Алдымен Едігенің қолымен Алаш әскерін талқанын шығарып соғып алайын, сосын өзін де ұзатпаспыз. Оқымаған даланың қарақшы баскесері ғой. Өлсе соғыста өледі. Өлмесе кейінірек итжеккенге айдатып жібереміз. Уайымдамаңыз, бұл қазақтарды қалай басқаруды мен білемін.

*1. Мәтіндегі кейіпкердің сөзінен не байқадыңыз?*

*2. Мәтінді «Батыр – аңқау келер,*

*Балуан – өктем келер» мақалының мазмұнымен сәйкестендіре отырып досыңызбен әңгімелесіңіз.*

**4-жағдаят**

Осы жұрт Сәкенді сері болыпты деседі...

*Сері сөзіне анықтама беріңіз.*

*Сері Сәкен туралы ойыңызды өрбітіңіз.*

**5-жағдаят**

Әр адамның жолы, маңдайға жазғаны бөлек. Бірақ ұлт мұратының алдында өз елін қызғыштай қоруға даяр қазақтан асқан ұлт аз.

*Айтылған ойға дәлел келтіре отырып пікір білдіріңіз.*

.........................................................................................................................
.............................................................................................................................
.............................................................................................................................
...........................................................................................................................

**6-жағдаят**

Мен не көрмедім. Маған әкеліп парсы менен арабты қосты. Ал мен қазақтың тілі едім. Бір күндері мені мүлдем жоқ қылғысы келгендер де болды. Тіріде үшбақыл болған Абайға өкпем жоқ.

*Қазақ тілінің монологын жалғастырыңыз.*

.........................................................................................................................
.............................................................................................................................
.............................................................................................................................
.............................................................................................................................
.............................................................................................................................
...........................................................................................................................

**7-жағдаят**

Бостандық деген періште,
Кетпекке ұшып алысқа
Ақ қанатын қомдап тұр...

*Өлең жолдарынан қандай ой түйдіңіз. Ауызша пікір білдіріңіз.*

**8-жағдаят**

Ақиқат жолында жалындап, құдайдың қалауымен емес, адамның қолынан қаза болғандардың жұлдызы ғасыр соңында жанар, қарағым! Ғасырдың соңында жарқырай жанарсыңдар. Алашыңның жүрегіне от, көзіне күн болып жағыларсың.

*Мәшһүрдің айтылған сөзіне бірнеше мысалдармен дәлел келтіріңіз.*

1.....................................................................................................................
2.....................................................................................................................
3.....................................................................................................................

## «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ. АЛМАС ҚЫЛЫШ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

**1-Жағдаят**

Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл тас жел толқытса шығады.

Таза мінсіз асыл сөз шер толқытса шығады...

*Өлеңдегі ойды қара сөзге айналдырыңыз.*

**2-жағдаят**

Біз өліспей беріспейміз!

*Батырлық, ерлік туралы нақыл сөздер немес мақал-мәтелдерді еске түсіріңіз.*

**3-жағдаят**

Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман еді ғой...

*Өкіну формасында ойды жалғастырыңыз.*

...........................................................................................................................
...........................................................................................................................
...........................................................................................................................
...........................................................................................................................

**4-жағдаят**

Құмай тазы, темір тепкін қыран...

*Жеті қазынаның қатарын толықтырыңыз.*

*1. Құмай тазы*

*2. Қыран бүркіт*

3. .............................

4. .............................

5. .............................

6. .............................

7. .............................

**5-жағдаят**

... Бұдан былай шартты ол емес, мен қоямын. Сығанақты қиратпағаным үшін алтын-күміс асыл тастармен салық төлеп тұрсын. Оған қоса Шайбан шах өзінің 3 жасар немересін бізге аманатқа жіберсін. Осымен сөз тәмам.

*Асты сызылған сөз туралы қазақ танымында қандай дәстүр бар? Сол туралы пікір білдіріңіз.*

**6-жағдаят**

«Бастарын бәйгеге тігу» тіркесі қандай жағдайларда қолданылады?

*Ойыңызды хандық дәуір, батыр, Алаш терминдерімен байланыстыра әңгімелеңіз.*

**7-жағдаят**

Алдымыз тұман, артымыз күмән, ағайын! Тар жол тайғақ кешу жолында бізді небір мехнаттар күтіп тұр...

*Автор атынан халыққа үндеу мәтінін дайындаңыз.*

.......................................................................................................................
.......................................................................................................................
.......................................................................................................................
.......................................................................................................................
.......................................................................................................................

**8-жағдаят**

**Асан қайғы:** Сенің шоқпарың жалғыз Ақжолға ғана тиген жоқ, исі қазақ Алашқа ауыр тиді, Қобыланды!

**Қобыланды батыр:** Осылай боп қалды. Жәнібек пен Керейге де сын сәтте көмек қолымды созбадым. Қара басып Ақжол ағамды өлтірдім.

*Диалог мазмұнын «Батыр – аңқау келер, балуан – өктем келер» деген мақалмен байланыстырыңыз.*

**9-жағдаят**

Басымызға әлдеқандай іс түссе, «Әруақ!» деп атқа қонарына кәміл сенемін.

*Қазақ халқы ұлы істерді бастап атқа қонғанда тағы қандай ұран сөздерді айтты?*

**10-жағдаят**

- Апа, төреде бауыр болмайды, тақ үшін таласта бөле түгіл, бауыр болмайды. Бөлеге бөліп берер тағым жоқ. Тақтың мұрагері мына – мен!

*Кейіпкерге мінездеме беріңіз. Қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз!*

**11-жағдаят**

**Елші:** Жәнібек пен Керей ерткен қалың ел келіп тұр. Шайбаншахпен келісе алмай көшіпті, мейірбан кеңшілігіңізді аямай, аздаған жайлайтын жер беріп, жарылқауыңызды сұрайды.

*Ханның жауабы қандай?*

.......................................................................................................................
.......................................................................................................................
.......................................................................................................................

**Қалмақ қоңтайшысы:** Өзтемір тайшы дәргейінді қазақтармен бекітіп жатқанына наразы. Жылдам Керей мен Жәнібекті шекараңнан аластат. Әйтпесе ойраттың қайқы қылышы басыңда ойнайды.

*Ханның жауабы мен әрекеті қандай болды деп ойлайсыз?*

.........................................................................................................................
.................................................................................................................................
.................................................................................................................................

## «ҚАНЫШ. ҚАЗЫНА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

**1-жағдаят**

...Мұнда кен орындары бар, бірақ кен орны мақтанарлықтай емес. Зауыт салсаң он жылда опырып тастайды.

*Айтылған ақпаратқа қарсы дәлел келтіріңіз.*

**2-жағдаят**

Егер мықты екеніңізді дәлелдесеңіз, сізді шебер қылып тағайындаймын!

*Осындай шешімге келуге қандай жағдай әсер етті деп ойлайсыз?*

**3-жағдаят**

1. ... Сіз сұратқан дүние қазіргі кезде геология комитетінде жоқ. Онсыз да Қарсақбайдағы зауыт құрылысына мол қаражат пен күш жұмсалып жатыр. Мұндай ауқымды жұмысты кешегі студентке сеніп тапсыра салу – менің тарапымнан ақымақтық болмақ.

2. Комиссия қорытындысы бойынша биыл жаңа барлау жұмыстарынан бас тартуға тура келеді. Жұмысшыларды таратып жібереміз.

*Қаныштың орнында болсаңыз жоғарыдағы жауапты қалай қабылдар едіңіз?*

*Берілген сөздерді пайдаланып жауап әзірлеңіз.*

*Жоспар, бас тартпау, қаржы бөлу, кеңес, талқылау, Мәскеу.*

**4-жағдаят**

- Балалар ет алып қалды. Ересектер әлі өз-өзіне келе алар емес.

- Ашыққандар саны күн сайын артуда. Ауыл сыртына жиі шығып, маңайды шолып тұру керек.

*Ашаршылық жылдарына байланысты 2 дәлелді ақпаратты еске түсіріңіз.*

**5-жағдаят**

Орджоникидзо оңай адам емес. Грузинге тән шорт мінезі бар. Есіңде болсын, кездесу кезінде бәрі өзіңе байланысты болады. Одан бірдеңе бүгіп қаламын деп ойлама! Ол шынайылықты жақсы көреді. Тағы айтарым, ол сені еститіндей етіп сөйле. Оның бір құлағы естімейді. Есіңде сақта, адамның сырт

келбетіне аса мән береді. Сондықтан кездесуге шырттай киініп бар. Қысқасы барынша ашық және шынай бол!

*Берілген ақпаратты қолдана отырып, Орджоникидзоға мінездеме беріңіз.*

**6-жағдаят**

Түсті металл басқармасымен араларыңыз салқын екен. Неге олар Жезқазғанның көркеюіне қарсы?

*Сұраққа сәйкес жауапты  таңдаңыз.*

Жұмысшылар саны аз

Білікті мамандар жоқ

Жезқазған қала орталықтарына алыс

Дүниежүзі бойынша байлығы мол өлке

## «ТАР ЗАМАН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

**1-жағдаят**

... - Ассалаумағалейкум!

Жол үстіндегі сіздің ауылдан қалай айналып өтемін! Сәлем беріп, өзіңізбен кеңесейін деп келдім.

*Асты сызылған сөздерге байланысты ұлттық таным білесіз бе? (мақал-мәтел, нақыл сөз, салт)*

**2-жағдаят**

Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ.

*Мақалдың мағынасын  мысал арқылы түсіндіріңіз.*

**3-жағдаят**

- Мына хатты поштамен Әлиханымның мекенжайына салыңдар! Соңғы кезде көңіл-күйі болмай жүрген сияқты. Бір ауыз жылы сөз жүректегі шерді тарқатады ғой.

- Мырза ағам хатыңызды оқып, бір жасап қалатын болды ғой.

*Ана мен бала арасындағы риясыз қарым-қатынас туралы әңгімелеңіз.*

**4-жағдаят**

- Шекіскеннен шекеміз қызбайды, бекісейік!

- Сіз мені тас бауыр көріп зілді сөз айттыңыз. Бауыр бауырға шауыпты деген қанымызда жоқ.

*Кешіру, татуласу мәніндегі ойды жалғастырыңыз.*

..........................................................................................................................

..........................................................................................................................
..........................................................................................................................
..........................................................................................................................
..........................................................................................................................
........................................................................................................................

**5-жағдаят**

*Сұрақ:*.....................................................................................................

- Шамасы сіздің саяси сауатыңыз төмендеу. Немесе бұл қызметке тосыннан келген адамсыз. Мен Алашорда үкіметінің төрағасымын. Сондықтан да оның іс-әрекетіне толық жауап беремін.

- Қазақстаннан келген атқару комитетінің жауаптылары мен бюро мүшелері сізге жолығады.

*Сұрақ:* ....................................................................................................

- Бұдан ешқандай саяси астар іздеудің қажеті шамалы. Қазақ – бауырмал халық. Бізде «Қарға тамырлы қазақ» деген мәтел бар. Олар келсе сыйлап сәлем береді. Сонда қазақ қазақпен кездесіп амандық сұрауға болмайды деген заң бар ма?

- Сіз дұрыс түсінбедіңіз.

*Сұрақ:* ....................................................................................................

- Олардың лауазымы бола ма, болмай ма, онда менің шаруам жоқ, маған олардың адамдығы керек. Иә, маған келеді, амандасады. Сонда олар адам емес пе? Бұндай қитұрқылықты жек көрем. Сендерге ескертем, менің уақытымды зая кетіріп, мұндай ұсақ әңгімеге тартушы болмаңдар!

**6-жағдаят**

1. Сабыр етіңіз онымен рухтас болған азаматтар сізге арнайы келіп көңіл айтпақшы екен. Бірақ түсініңіз, жауапты қызметте отырған соң желкесінен сан мың құзғын қарап тұрғанын білгеніңіз жөн.

2. Қайғыңызға ортақпын. Смағұл адам, дос бола білді. Марқұмның жігіттігі бар еді, сонысы өзіне қас боларын кім ойлаған.

*Үлгіге қарап көңіл қосын білдіру, басу айту сөздерін жазыңыз.*

...................................................................................................................
..........................................................................................................................
..........................................................................................................................
..........................................................................................................................

**7-жағдаят**

Мұсылмандықтың бес парызын өтеп, қажылыққа бардым. Дәуренім шалқып тұрса да құдайды ұмытпадым. Дәулетімді ұрпақтарымның өсіп-өніп,

білім алуына жұмсадым. Есіл дүниенің қызығы тез ақ ұмытылады. Бірақ баланың соңынан қалғаннан артық азап пен қасірет жоқ екен...

*Жомарт байдың монологын жалғастырыңыз.*

........................................................................................................................
........................................................................................................................
........................................................................................................................
........................................................................................................................
........................................................................................................................
........................................................................................

## «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА» ФИЛЬМІ

**1-жағдаят**

Жантас пен Қожаның байланысын дұрыстау үшін қандай шара қолданар едіңіз?

1. .................................................................................
2. .................................................................................
3. .................................................................................
4. .................................................................................

**2-жағдаят**

Оспан ағайдың Қожаға деген қамқорлық көзқарасының себебін түсіндіріңіз.

**3-жағдаят**

Қожа рөліне еніп, армандарыңызды тізіп жазыңыз.

........................................................................................................................
........................................................................................................................
........................................................................................................................
........................................................................................................................
........................................................................................................................
........................................................................................

**4-жағдаят**

- Бақ, бақ, бақ, бақ... . Мына қара жалт-жұлт етеді... .

- Есің дұрыс па? Мен енді сенің маңайыңа жоламаймын.

*Бақа жеген боп құрбысын алдаған Қожаның әрекетіне баға беріңіз. Егер сіздің досыңыз қандай да бір тосын әрекеттерге барса, сіз Жанар сияқты шешіміңізді өзгертер ме едіңіз?*

**5-жағдаят**

- Мен енді қоямын. Осы ауылдағы ең жуас, үлгілі балалардың бірі боламын. Ант етемін. Осы айтқанымда тұрмайтын болсам, мені жер жұтып кетсін!

*Қожаның бұлай дәрменсіз болуына не себеп болды деп ойлайсыз?*

**6-жағдаят**

Түзелейін десем де қисыны келмей қалады... . Қожаның бұзақылық жасауының басты себебі неде деп ойлайсыз?

*Қожаның сезімін бір сәт бастан кешіріп сөйлеңіз.*

**7-жағдаят**

Осы Қожаның қандай бала екенін түсіну қиын. Кейде ызам келгенде қуып шыққым келеді. Ал кейде одан үлгілі ешкім жоқ. Әйтеуір бір жақсысы Сұлтанға мүлде жоламайтын болды.

*Егер сіз Майқанова апай болсаңыз, Қожаның әрекетіне сай қандай қарым-қатынаста болар едіңіз.*

**8-жағдаят**

- Тарттық Көкжайлауға. Қойшылардың үлкен тойы болып жатыр, сол тойға барамыз.

*Қожаның жалғыздығын пайдаланып азғыратын Сұлтанның әрекеттерін жалғастырыңыз.*

*шылым шегуді үйретті,* ............................, ...................., ..........................., .............................

**9-жағдаят**

Саумал бұлақ балдай дәрің,
Салқын самал баурайларың.
Саялаған беу, туған жер!
Сағындырған Сарыжайлауым!

*Туған жерге сағыныш сөздеріңізді тізіп жазыңыз.*

.................................. ..................................
.................................. ..................................
.................................. ..................................
.................................. ..................................
.................................. ..................................
.................................. ..................................

## «КӨКСЕРЕК» ФИЛЬМІ

**1-жағдаят**

...Әкең де, шешең де жоқ қу жетімсің. Өй, жетімек!

*Бала Құрмаштың бақытсыз тағдыры жоғарыда айтылған сөзге қаншалықты байланысты?*

**2-жағдаят**

«Жалғыздың жаны олжа» деген бар, жатып қалма. Тауда ыстық бұлақ бар деуші еді, соған барып түсіп көр, бәлкім шипасы тиер.

*Жалғыздық туралы мақал-мәтел немесе тұрақты сөз тіркесін еске түсіріңіз.*

**3-жағдаят**

Азуың болмаса – арам өлесің

.......................................................................................................................

Жәбірлей берсең – жасқаншақ, қорлай берсең – қорқақ болады –

.......................................................................................................................

Бөлтіріктен бөрі жасау –

.......................................................................................................................

*Мағынасын түсіндіріңіз.*

**4-жағдаят**

Соқыр болған сорлыны, құлынынан айырма!

*Ана зарын жалғастырыңыз.*

## «ӘЛКЕЙ. ҒҰЛАМА ҒҰМЫР»

**1-жағдаят**

...Сыртыңыздан ғайбаттаған адамдардың сөзіне сеніп, сіз туралы қате пікірде болыппын. Соңғы жылдары еңсем көтерілмей қойды. Ақымақ қызыңызды кешіре алар ма екенсіз?

*Әлкейдің орнында болсаңыз қандай шешім қабылдар едіңіз?*

**2-жағдаят**

Әкеміздей қамқор болған жан еді, басына іс түскенде сырт айналдың, соны ойласам...

*Осындай жағдайларға куә болған кездеріңізді еске түсіріңіз.*

# Сөздік

## А

**Атқа қону** – жолға шығу
**Алмағайып** – қауіп-қатері бар іс-әрекет
**Ақсарбас** – тәңірге жалбарына айтылған тілек
**Асау** – үйретілмеген, бас білмеген
**Ат құйрығын кесісу** – араздасты, мүлде безді
**Аярлық** – адам мінезіндегі жағымсыз қасиеттер (сұмдық, зұлымдық)

## Ә

**Әңгіртаяқ** – билеп-төстеу, үстемдік ету

## Б

**Бұра тарту** – әділдіктің болмауы, туралықтан айну
**Бұлталақ** – жауаптан не істен жалтару
**Байбалам** – бет бақтырмау, азар да безер болу
**Баскесер** – жендет, қанішер
**Бастықтыру** – жуасыту, көндіктіру
**Бекісу** – татуласу, келісу
**Безбүйрек** – қатыгез, мейірімсіз
**Бекзаттық** – тектілік

## Д

**Дәргей** – құзыр
**Дербес** – жеке дара
**Дал болу** – істің шешімін таба алмау
**Доңайбат** – сес
**Дөкей** – мықты

## Ж

**Жүгенсіздік** – басбұзар
**Жөнімен жөнеу** – жөнін білу, жөнімен кету
**Жерұйық** – құтты мекен
**Жік** – екі нәрсенің түйіскен, жалғасқан жері
**Жат** – өзге, бөтен

## З

**Зарарат** – залал, зиян
**Зая** – бекер, босқа

## И

**Итжеккен** – саяси қылмыс жасады деп айыпталғандар жазасын өтейтін жер
**Иін қандыру** – жетілдіру, әбден жұмсару

## К

**Көрсетінді** – сырттай жағымды әсер тудыратын әрекет
**Кіріптар** – тәуелді болу, бағыныштты болу
**Кеңдікке салу** – ақылмен ойлау, кеңдік таныту
**Кіндік үкімет** – орталық басқарушы үкімет
**Көпес** – саудамен айналысатын саудагер
**Көгендеу** – байлау
**Кәміл сену** – күмәнсіз, шүбәсіз сену

## Қ

**Қол қату** – қол көтеру
**Құныкер** – өлтірген кісісі үшін құн төлейтін адам, айыпкер
**Қасақана іс** – әдейі, арнайы жасалған әрекет
**Қайғыға иілу** – қайғыға ортақ болу, түсіну
**Қараулық** – арамдық
**Қоянның жымындай** – белгісіздеу, көзге түспейтін жер
**Қата тию** – жазым ету, қате тию
**Қазит** – газет, баспасөз
**Қаузау** – қозғау, іздену
**Қоңтайшы** – жоңғарлардың билеушісі
**Қисын** – реті, ыңғайы, сәті

## М

**Махшар** – діни ұғым: қияметтегі адамдардан сұрақ-жауап алатын алаң
**Мехнат** – азап, бейнет
**Мәмілешарт** – келісімшарт формасындағы құжат

## Н

**Низам** – ескі қазақ қоғамындағы құқықтық атау: заң, ереже
**Нақақ** – жала жабу, тектен-текке жазғыру
**Намысы күю** – намысы аяқ асты болу
**Нәсіп ету** – бұйырмыс, бұйыру
**Нәубет** – апат, ауыртпалық

## О

**Орайларды пайдалану** – мүмкіндіктерді қолдану

**Ойсырау** – жеңіліс табу, қатты күйреу
**Ойран салу** – тас талқанын шығару, күл-талқан ету

**С**

**Сөзден тану** – сөзінен тайды
**Селкеу** – сенімсіздік

**Т**

**Тар жер** – қолайсыз уақыт
**Талғажау** – жүрек жалғау
**Тапжылмау** – қозғалмау
**Тәмам** – соңы, бітті

**Ү**

**Үркердей** – азғантай
**Үшбақыл (үшбақыл болғыр)** – ұжмақта болғыр, бейіште болғыр

**Ұ**

**Ұры жер** – көзден таса жатқан белгісіздеу жер
**Ұлық** – төре, билеуші
**Ұлыс** – көне түркі сөзі: аймақ, мекен

**Х**

**Харіп** – әріп

**Ш**

**Шарпысу** – 1. өрт шарпыды. 2. сөзбен шарпысты
**Шипагер** – ем-дом жасаушы, дәрігер
**Шер** – мұң, өкпе, реніш
**Шағыстыру** – қастастыру, жауластыру
**Шырамыту** – жобалау, шамалау
**Шорт** – кенет, тыйып тастау

**Ы**

**Ылаң** – бүлік
**Ықтияр** – ерік, еркі, келісім

## МАЗМҰНЫ


**Алғы сөз**.......................................................................... 3-4

**«Құнанбай» фильмі**.......................................................................... 5-7

**«Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясы**.......................................................... 8-13

**«Оян қазақ!» телехикаясы**.......................................................................... 14-19

**«Мағжан. Мен жастарға сенемін!» телехикаясы**.................................... 19-24

**«Алмас қылыш. Қазақ хандығы» фильмі**............................................. 24-27

**«Қаныш. Қазына» телехикаясы**................................................................ 27-31

**«Тар заман» телехикаясы**.......................................................................... 32-39

**«Менің атым Қожа» фильмі**....................................................................... 39-42

**«Көксерек» фильмі**.......................................................................... 42-45

**«Әлкей. Ғұлама ғұмыр»**.......................................................................... 45-48

**«Кейкі мерген»**.......................................................................... 48-51

**Жағдаяттық тапсырмалар**.......................................................................... 52-65

**Сөздік**.......................................................................... 66-68

**Жазба үшін**.......................................................................... 70

## Жазба үшін

......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................
......................................................................................................................................................

# ҚАЗА ТІЛІН КИНОФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР ЖИНАҒЫ

Редактор **А.Қ.Ибрайханова**
Корректор **А.Қ.Ибрайханова**
Беттеген **С. Ақылов**

Басуға 14.11.2023 қол қойылды.
Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$. Шартты баспа табағы 5.0
Офсеттік басылыс. Әріп түрі «Times New Roman».
Таралымы 1000